

РУХАНИ-
АДАМГЕРШІ-
ЛІККЕ
ТӘРБИЕЛЕУД
ЕГІ АТА-
АНАНЫҢ
РОЛІ



МАҚСАТЫ:

- ◎ Баланы рухани – адамгершілікке тәрбиелеудегі отбасының ролінің маңыздылығын аша отырып, отбасында сүйіспеншілік пен дұрыс әрекет құндылықтарын дамыту.

МІНДЕТТЕРІ:

- ◎ **Білімділік:** Отбасындағы ананың, әкенің, баланың рөліндегі мейірімділіктің, жауапкершіліктің, жаңашырлықтың маңыздылығын түсіндіру.
- ◎ **Дамытушылық:** Отбасы мүшелерінің арасындағы жағымды қарым – қатынас жасауды дамыту.
- ◎ **Тәрбиелік:** Бала алдындағы ата – ана парызын дұрыс сезіне білуге тәрбиелеу.




**«... ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНІҢ
ТӘРБИЕЛІК ҚҰРАМДАСЫН
КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ. ОЛАР-
ПАТРИОТИЗМ, МОРАЛЬ МЕН
ПАРАСАТТЫЛЫҚ
НОРМАЛАРЫ, ҰЛТАРАЛЫҚ
КЕЛІСІМ МЕН
ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ, ТӘННІҢ
ДЕ, ЖАННЫҢ ДА ДАМУЫ,
ЗАҢҒА
МОЙЫНҰСЫНУШЫЛЫҚ.
БҰЛ ҚҰНДЫЛЫҚТАР
БАРЛЫҚ ОҚУ
ОРЫНДАРЫНДА СІңІРІЛУІ
ТИІС. БІЗДІҢ ЖАСТАРЫМЫЗ
ҮШІН БҰЛ ӨМІРЛІК
ҚАЖЕТТІЛІК.»**

Н.Ә.НАЗАРБАЕВ.



*Адам баласы өзінің жан
дүниесін қайырымдылықпен
қайғыны түсіне білу қасиеттерімен
нығайтып, шынайы өмір сүре білу
керек.*

Сара Алмысқызы.




Адамының жақсы өмір сүруіне үш қасиетнегіз бола алады, олар барлығынан басым болатын- адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бала кезден бастап адам бойында жоғары ар- ұят, өзін-өзі сыйлау сезімдерін тәрбиелеу, зиянды құмарлықтарды жоюға көмектеседі.

Ш.Құдайбердіұлы

Жалпыадамзаттық құндылықтар

Жалпыадамзаттық құндылықтар – бұл барлық кезеңдегі адамдар үшін шынымен маңызды, сөзсіз қажетті, қалаулы, өткініші емес, жынысына, ұлтына, нәсіліне, азаматтығына, әлеуметтік жағдайына, діни сеніміне т.с.с байланыссыз әр адам үшін іс жүзінде мағынасы бар құндылықтар.



ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

Жоғары сана деңгейі (Кемелдену) *Қиянат жасамау (түсінісу сүйіспеншілік)*

Ажырату деңгейі (парасат, ақыл-ой) *Ақиқат (ой, сөз арқылы сүйіспеншілік)*



Ментальды деңгей (ақыл мен ой) *(адамгершілік сүйіспеншілік)*



Эмоциональдық деңгей (сезім) *Ішкі тыныштық, сезім сүйіспеншілігі*




Тәндік деңгейі (әрекет) *Дұрыс әрекет, әрекеттегі сүйіспеншілік*



Қорытынды: Тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің көріну деңгейі рухани деңгейді көрсетеді. Сезім денені басқарады. Адамның ажырату күші ақылдан жоғары тұрады. Егер, ақыл-ойды дұрыс қолдана білсек, мазасыздық пен ашу-ызадан арыламыз. Ақыл-ойдың дауысын есту үшін, ақылды тыныштандыру керекпіз. Сондықтан, ақыл – адамның басты байлығы.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР АҒАШЫ



- Отбасы - ұлттың, мемлекеттің, әлемнің, адамзаттың негізі. Сондықтан оны нығайту керек.
- Отбасында тыныштық болса - үйде тыныштық болады;
- Үйде тыныштық болса - мемлекетте тыныштық болады.
- Мемлекетте тыныштық болса - әлемде тыныштық болады.



«ОТБАСЫ - АДАМНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҚ
ЖАСАУҒА ҮЙРЕНЕТІН ЕҢ БІРІНШІ
ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАСЫ» В.А.
СУХОМЛИНСКИЙ

- Психиатрлар баланың нәрестелік кезеңінен 5-6 жасқа дейінгі кезеңдегі дамуының өте маңызды екенін баса айтады.
- Бұл кезде ата-ананың баланың ақыл-ой дамуына әсері өте күшті. Бұл баланың тұлғалық дамуына ең бірінші және басым әсер етуші фактор және негізгі мінез-құлық үлгісі болып табылады.



- Балалардың махаббаты таза, риясыз. Олар өздерінің ата-аналарын бар жан-тәнімен жақсы көреді және оларға еліктейді. (кейбір келеңсіз мінез-құлықтарынада).
- Кей-кейде балалар ата-аналарының тілін алмайды. Бірақ-та олардың мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін зер сала бақылайды. Бұл балаларға үлкен әсер етіп, ықпалын тигізеді.
- Олар ата-аналары өтірік айтып, алдап тұрса, екіжүзділік таныса, оны байқап қояды.

- Ата-аналар өз балаларына білім беруге, білім алуына жағдай жасауға талпынады. Бір-ақ оларды балаларының қандай білім алып жатқаны онша алаңдатпайды.
- Білім балаларға жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруге, бойына сіңіруге қызмет етуі тиіс.
- Академиялық білім білім алушыға өмір сүру үшін табыс табуға үйретеді. Алайда, білім тек қана өмір сүру үшін пайда табуды ғана көздемеуі керек.
- Білім білім алушыны өмірде кездескен қиыншылықтарға қарсы тұруға рухани, адами тұрғыда дайындауы керек.
- Білім беруде адамзаттық құндылықтардың жоқ болуынан білім алушылардың бойында алаңдау, мазасыздық, үрейлену басым болып отыр.



БАЛАЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА КЕРІ ӘСЕР ЕТЕТІН АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТИПТЕРІ

- ◎ **Орынсыз қамқорлық** (бала ата-анасының орынсыз қамқорлығына еті үйреніп, дағдыланғаны сондай, өз бетімен шешім қабылдай алмайды).
- ◎ **Орынсыз жұмсақтық (көнгіштік)** (баланың мінез-құлқын бүлдіреді, басқаларға түсіністікпен қарамайды)
- ◎ **Орынсыз қорқыныш, үрей** (баланы мазасыз етеді, тіпті психосоматикалық ауруларға апарады).

БАЛАЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА КЕРІ ӘСЕР ЕТЕТІН АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТИПТЕРІ

- ◎ **Жоғары талаптар қою** (балалар сасақалақ, жабырқаңқы, тұнжыраңқы болып, сәтсіздікке ұшыраймын деген сезім басым болады)
- ◎ **Кемсіту, елемеу** (мұндай сезіммен өскен балаларда агрессия, ашу-ыза басым, қызба болады. Өсе келе түрлі қылмсыс, зорлық-зомбылық жасау, нашақорлық сияқты келеңсіз жағдайларға бой алдыруы мүмкін).

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АНАНЫҢ РӨЛІ

- Бала өмірінің алғашқы бес жылында міндетті түрде анасымен болуы керек. Ана өзінің міндетін өзгелерге аудара салмауы тиіс (ата-әжесіне, күтушіге, балабақшаға).
- Өте ерте жастан тәрбиеге әлеуметтік мекемелерге берілген балалар анасы ғана бере алатын мейірімнен, жылылықтан, ізгіліктен, сүйіспеншіліктен кенде қалады.
- Өкінішке орай көптеген балалар ана махаббатының не екенін білмейді.



БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АНАНЫҢ РӨЛІ

- Жұмақ - ананың аяғының астында.

Құраннан

- Ана-от анасы. Оның қорғаушысы.

- Ұлт болашағы ананың алақанында.

Оноре де Бальзак

- Өмірдегі барлық тамаша заттар күннің нұрынан , ананың ақ сүтінен нәр алады.

М.Горький

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АНАНЫҢ РӨЛІ

- Бүгінгі таңда жауапкершіліксіз аналардың кесірінен жапа шегіп жатқан балалар бар.
- Аналар бір сәттік қызық, атақ, даңқ үшін өзінің жақсы мінез-құлқын дамыту керек екенін, негізгі борышын ұмытып кетеді.
- Ылғида жұмыс бастылық, мансапқорлық, қызмет бабы, ғылымның соңынан түсу үлкендерге құрмет көрсетуді, кішілерді сыйлауды ұмытып, жолдасын, отбасын екінші орынға ыстырып шығарады. Мұндай өзімшілікті қатынас әйелді өз табиғатынан алшақтатады.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АНАНЫҢ РӨЛІ

- Риясыз сүю ананың табиғатынан берілген қасиеті.
- Күйеуін риясыз сүйетін әйелдер асыл тастай құрметті, хош иісті гүлдей нәзік, отбасының сақтаушысы, от анасы бола алады.
- Отбасы ана үшін нағыз қасиетті орын болуы тиіс. Ол ана үшін мешіті, оның мектебі, оның қызмет орны және т.б.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АНАНЫҢ РӨЛІ

- Әйелге сыпайылық, ибалылық қажет. Онсыз әйел сұлулықтан, әдеміліктен, мәдениеттен де жұрдай болады. Сыпайы, ибалы әйел өзін әрдайым ішкі түйсігімен сезініп дұрыс әрекеттер жасап отырады. Ол тек қана ізгі, дұрыс әрекеттерге барады.
- Сыпайы, ибалы әйел өз отбасында ибалықпен билік жүргізіп, ол қоғамға, бүкіл әлемге ықпал етеді.
- Сыпайы, ибалы әйел тұрмыстың тауқыметімен ұсақталып кетпейді, өзі сыйлап, өзін де сыйлата алады.

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АНАНЫҢ РӨЛІ

- Отбасындағы береке әйелге байланысты.
- Бұл өте нәзік көзге көрінбейтін дүние. Бір-ақ әрбір әйел білуге тиіс нәрсе. Егер отбасыңызда бақ, береке, молшылық болсын десеңіз отбасыңыз тек қана өзінің ішкі қызығушылығымен ғана өмір сүрмеуі керек.
- Бұл ой-ниет дастақаннан басталады. Егер отбасы мүшелері өз дастарқандарына жай ғана басқаларды шақыра алатын болса, өздерінің ас-тұзымен өзгелермен бөлісе алса, онда ол отбасында молшылық, береке орнайды.
- Егер отбасы құлқынының құлын ғана ойлап, өзімшіл болса, онда адамдар олардан бас тартып, ол отбасына пайда ойлайтындар ғана бас сұғып, өздеріне қажетін ғана алып, сізге бақыт тілемейді.
- **Демек риясыз жақсылық жасау отбасының бақ, берекесінің негізі болмақ.**

ОТБАСЫНДАҒЫ ӘКЕНІҢ РӨЛІ

- Әке отбасында ең басты орынды иеленеді.
- Еркек - білімнің даналықтың, тәртіптің іске асырушысы.
- Еркек- әйелін, балаларын қорғаушы, отбасының барлық мұқтаждығын өтуші, олардың денсаулығына, білім алуына кепілдік беретін адам.
- Еркек пен әйел ата-ана болғанда олар бір-бірін үйлесімділікпен толықтырып, бала тәрбиелейді. Ата-аналарға бала тәрбиесіндегі ең негізгі міндет дұрыс мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады.
- Бала тәрбиесінде барлығы өз шекарасынан шықпауы тиіс. Әр кезде сүйіспеншілік пен тәртіп болуы тиіс.

ОТБАСЫНДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ТИПТЕРІ

- ◎ **Ынтымақтастық-** баланың өзіндік тұлғалық дамуы мен ерекшеліктерін сезіну, түсіну. Оның осы өмірге өзінің мақсат-міндетімен келгенін ұмытпау. Ол осы өмірге бір жаңа леп әкелгенін есте ұстау. Ата-аналар баланың өзінің бойында бар ерекшеліктерін іске асыру үшін сүйіспеншілікпен , құрметпен жағдай жасауы тиіс. Бала да сол кезде ата-анасының беделін, құрметін түсініп, олардың айтқандарына құлақ сала бастайды.
- ◎ **Материалдық қызығушылықтар негізінде тәрбиелеу** - жақсы болсаң аласың, қол жеткізесің (ақша, сыйлық, ойын-сауық), жаман болсаң жазаланасың.

ОТБАСЫНДА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ТИПТЕРІ

- ◎ **Зорлық-зомбылық негізінде тәрбелеу** - істегің келмесе де, істейсің, істемесең жазалаймын.
- ◎ **Тәрбиеден тысқары қалу** - бұл бетімен кетушілік, балаларға немқұрайды қарау. «Қалай болса, солай болсын, барлық балалар да осылай істейді.

Агрессивті баланың ата-анасының бойындағы қасиеттер:

- *Отбасында ешқандай ережелердің болмауы;*
- *Балаларға ешқандай бақылаудың болмауы;*
- *Тәртіптің болмауы;*
- *Отбасында түрлі мәселенің шешімін табу іскерліктерінің болмауы;*
- *Балаға сөзбен немесе іспен қиянат жасалуы.*

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТА ТӘРБИЕЛЕУ:

- 1. Барлық баланы жақсы көру қерек. Жақсы көру барлығын жаңғыртатын күш.
- 2. Баланың шынайы табиғатын сезініп, табиғат берген ерекшеліктерін ескере отырып, қалай бар солай қабылдап, түсіне білу керек.
- 3. Әрбір баланы жақсы көру, түсіну, сыйлау арқылы қанаттандыруға болады.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТА ТӘРБИЕЛЕУ

- ◎ Баланы ақылға құлақ қоюғыштыққа, тілалғыштыққа қалай жеткізуге болады?
Баланың жүрегінде жоғары «Мен» орын алған. Ол интуитивті түрде бәрін сезінеді.
- ◎ Егер анасы оны өтірік айтып, алдап тұрса онда бала тыңдамайды. Ал егер әкесінің айтып тұрғаны басқа болып, істегені одан да басқа болса, бала оған да құлақ аспайды. Егер баланы алдап, табиғатына қарсы әрекет етес онда бала тыңдамайды. Егер мамасы оған үлкендердің ақылын тыңдау керек деп тұрып, өзі күйеуін тыңдамаса онда бала да олардың ақылына құлақ аспайды.
- ◎ Баланы ақылға құлақ қоятын, тілалғыш ету үшін ең алдымен ынтымақтастыққа әрекет етіп, үлкендердің өзі өзін-өзі жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуі тиіс.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТА ТӘРБИЕЛЕУ

- Күнделікті өмірде ата-аналар балалаға үлгі болуы тиіс. Өзге адамдардан тек жақсылықты көруге үйрету керек және олармен өздеріне басқалардың қандай қатынас жасағанын қаласа, өздері де сондай қатынас жасауға тиіс екенін үйрету керек.
- Ата-аналар отбасында мінез-құлық ережесін жасауы керек және оны өздері де бұлжытпай орындап, сол ережеге бағынып отыруы керек.

Үлгілі, жақсы ата-аналар:

- ◉ *Беделді болуы керек;*
- ◉ *Ажырата білуге үйретуі тиіс;*
- ◉ *Сүйе білетін балаларды өсіруі тиіс;*
- ◉ *Балаларын әрекет етуден бұрын, жақсылап ойланып алуға үйретуі тиіс;*
- ◉ *Өздері жақсы үлгі бола білуі тиіс.*

Үлгілі, жақсы отбасының қасиеттері:

- ◉ *Барлығы сүйе білетін, айнала қоршаған ортасын жақсы көретін болады;*
- ◉ *Әр қайсысы өз парызын, борышын дұрыс орындайды;*
- ◉ *Қуанышты, жан тыныштығына өмір сүреді;*
- ◉ *Отбасында бір-бірімне жақсы қарым-қатынаста болады;*
- ◉ *Адамгершілік қағидаларымен өмір сүреді.*

ҮЙГЕ ТАПСЫРМА: «БАҚЫТ РЕЦЕБІ»

Құрметті ата-аналар! Сіздерге үй тапсырмасы ретінде «бақыт рецептісін» сыйға тарту еткім келеді. Үйде міндетті түрде орындауларыңызды өтінемін.

«Сабырлық ыдысын алыңыздар, оған сүйіспеншілік жүрегі мен 2 қасық жомарттық қосыңыздар, үстінен мейірімділік ұнтағын сеуіп, 1 пиала әзіл және 1 пиала сенім қосып, бәрін жақсылап араластырыңыздар. Қалған өміріңіздің бөлігіне көбірек жағып, өз отбасыңыз бен жақындарыңызға асатыңыздар.»

ҚОРЫТЫНДЫ:

«Қағаз бүктеу»

Қолдарыңызға А4 парағын алыңыздар. Оны бірнешеге қайтара бүктеріңіздер. Енді оны қайтадан бүктеген бөлігін ашыңыздар, иә ашқан сайын, үйде балаларыңызға жақсы сөз немесе мадақтау айтқан кездеріңізді естеріңізге түсіріңіз.

Сұрақ.

1. Бүктелген парақты ашып жайдыңыздар, парақты ашқан сайын қандай сезімде болдыңыздар?
2. Күніне неше рет балаңызға мақтау, мадақтау немесе сүйіспеншілік сөздерін айтасыздар?

Түйін.

Ендеше дәл осылай балаңыздың жүрегінде де оған көрсетілген ізгі құндылықтарыңыздың іздері мәңгі қала береді. «Нәресте-ақ парақ. Ол параққа не жазасың, не саласың – сенің қолыңда»- дейді. Осыны ұстаз ретінде де, ата-ана ретінде де ұмытпағанымыз жөн. Әр ісімізде сүйіспеншілігімізді білдіре білейік.

БІРГЕ ӘН ШЫРҚАЙЫҚ.

Жанболат пен Жазираның
орындауындағы «Сен маған сүюді
үйреттің»